



Макұлданды

«Казактеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС

Басқармасының

20 22 жылғы «17» 02
шешімімен, № 05 хаттама

Бекітілді

«Казактеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС

Жалғыз қатысушының

20 22 жылғы «17» 03
шешімімен, № 15 хаттама

«Казактеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС **Дивиденттік саясаты**

Ақтау қ-сы, 2022 жыл

Мазмұны

1. Құжат мақсаты және жалпы ережелер.....	3
2. Анықтаулар мен қысқартулар.....	3
3. Дивиденттерді төлеудің негізгі талаптары.....	4
4. Дивиденттердің мөлшерін айқындау тәртібі.....	5
5. Дивиденттерді төлеу тәртібі.....	7
6. Дивиденттердің төленуі үшін жауапкершілік.....	7
7. Корытынды ережелер.....	7

1. Құжат мақсаты және жалпы ережелер

1.1. Саясаттың мақсаты ҚТКФ пайдасына ЕҰ дивиденттерін төлеу мөлшерін, оның талаптары мен тәртібінің нақтылығы мен айқындылығын айқындауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.2. Осы Саясат ҚТКФ және оның еншілес ұйымдарының ҚТКФ және оның ЕҰ арасында ҚТКФ тиісті акциялар пакетіне және қатысу үлесіне дивиденттерді төлеу мәселелері бойынша өзара қатынастардың қағидаттарын белгілейді және оны жүзеге асыру тетіктерін айқындайды.

1.3. Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы №22/15 шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, ҚТКФ Жарғысына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2021 жылғы 14 маусымдағы шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдарына қатысты Дивиденттік саясатына, ҚТКФ Жарғысына және оның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.4. Саясаттың негізгі қағидаттарының бірі ЕҰ келіп түсетін дивиденттердің қаржы тұрақтылығын сақтауды және ЕҰ стратегиясы мен бизнес-жоспарларын іске асыру үшін қаржы қажеттіліктерін қамтамасыз етуді ескере отырып оларды барынша ұлғайту болып табылады.

2. Анықтаулар мен қысқартулар

2.1. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтаулар пайдаланылды:

ҚТКФ	- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Жалғыз қатысушы	- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы
Еншілес ұйым (ЕҰ)	жарғылық капиталының басым бөлігін ҚТКФ қалыптастырған не болмаса, егер ҚТКФ жасасқан шартқа сәйкес (не болмаса өзге тәртіппен) осы ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігіне ие болатын занды тұлға;
Саясат	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС Дивиденттік саясаты
Дивиденттер (осы Саясат мақсаттары үшін)	қызмет нәтиежелері бойынша ЕҰ есепті кезеңде төленетін қатысушының/акционердің өзіне тиісті акциялар бойынша кірістері/қатысушының өз қатысу үлесі бойынша кірістері;

Бөлінбекен табыстан есептелген дивиденттер	- алдыңғы жылдардағы таза табыстан жиналып, ЕҰ қалдырылған ЕҰ төлейтін дивиденттер
Жауапты департамент	- өндірістік қажеттілікке байланысты қалыптастырылатын бағдарламалар бойынша жоспарлау кезеңінде ҚТКФ бюджеті шеңберінде кірістерді, шығыстарды, күрделі қаржы жұмсалымын, ЕҰ тартылатын инвестицияларды, жоспарлау кезеңінде ҚТКФ бюджеті шеңберінде келіп түсетін және төленетін ақшаны жоспарлау және игеру (орындау) үшін жауапты ҚТКФ құрылымдық бөлімшесі

3. Дивиденттерді төлеудің негізгі талаптары

3.1. ЕҰ түсетін дивиденттер мыналарды қаржыландыру үшін ҚТКФ ақшалай қажеттіліктерінің орнын толтыруға тиіс:

- Жалғыз қатысушыға тиісті дивиденттер төлемдерін;
- ҚТКФ іске асыратын инвестиациялық жобаларды;
- ҚТКФ жеке қаражаты есебінен ЕҰ іске асыратын жобаларды;
- Жалғыз қатысушының тапсырмасы бойынша ҚТКФ іске асыратын жобаларды және/немесе өзге шығыстарды;
- әкімшілік сипатындағы күрделі қаржы жұмсалымын қоса алғанда ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметін;
- негізгі берешекті өтеу бойынша төлемдерді және ҚТКФ тартқан зайдар бойынша пайыздық сыйақыларды;
- ҚТКФ сандық трансформациясының бағдарламасын қаржыландыру (егер осы қолданылатын болса);
- өзге көзделмеген шығыстарды.

3.2. ЕҰ қызметі қаржылық тұрақтылықты сақтаумен және ҚТКФ тараپынан келісілген мақсатты стратегиялық көрсеткіштер мен даму жоспарларын бір уақытта сақтай отырып ҚТКФ пайдасына жүргізілетін дивиденттік төлемдерді ұлғайтуға бағытталуға тиіс. Дивиденттерді барынша ұлғайту, соның ішінде инвестиациялардың рентабельдікті қамтамасыз ету, операциялық тиімділікті және еңбек өнімділігін арттыру, айналым капиталының деңгейін онтайландыру және еркін ақшалай қаражатты адаптациялардың жағдайларынан жақсартыру тиіс.

3.3. ЕҰ есепті кезеңде алынған таза кірістердің (корытынды табыс) мөлшеріне және ҚТКФ өндірістік және инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктеріне қарай капиталдандырудың өсуімен бірге ҚТКФ төлейтін дивиденттердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.

3.4. ҚТКФ пайдасына ЕҰ дивиденттерді төлеу үшін мына талаптарды орындау қажет болады:

1) ЕҰ жыл бойынша шоғырландырылған/жеке таза табыстың (корытынды табыс) және/немесе жеке бөлінбеген пайданың және/немесе аудиттелген қаржы есептілігіне сәйкес меншікті оң капиталға ие болуы;

2) ЕҰ берешекке қызмет көрсету, ҚТКФ жауапты департаментімен келісілген ағымдағы қызметті қаржыландыру және күрделі қаржы жұмсалымы үшін қажет болатын ақшалай қаражатты шегергеннен қалған бос ақша қаражатына ие болуы;

3) дивиденттерді төлеуге шектеулердің болмауы, соның ішінде ЕҰ акцияларына/қатысу үлестеріне өкім ету бойынша уақытша шектеулердің болмауы, ЕҰ акцияларына/қатысу үлестеріне тиісінше мемлекеттің сот шешімдеріне сәйкес және қолданыстағы заннамамен көзделген тыйым салынбау.

4) ҚТКФ және ЕҰ қаржы зайлары бойынша келісімдердің талаптары мен өзге шарттық міндеттемелер, ковенанттар бойынша шектеулердің болмауы;

5) ЕҰ директорлар кеңесінің/қадағалау кеңесінің дивиденттер мөлшері туралы ұсынылары (егер осы қолданылатын болса);

6) ЕҰ/ҚТКФ тиісінше органының шешімі.

4. Дивиденттердің мөлшерін айқындау тәртібі

4.1. ҚТКФ жеке алынған ЕҰ қатысты дивиденттерді айқындауда осы ЕҰ жүзеге асыратын бизнес сипатына (рентабельдігі), оның капитал сиындылығына, осы орта мерзімді кезеңде инвестиациялық қызметті жеке қаражатты тарту арқылы жүзеге асыру қажеттігінің деңгейіне қарай саралау әдісін қолдана отырып жүзеге асырады.

4.2. ЕҰ бизнес-жоспарын қалыптастыру мақсаттары үшін ЕҰ қатысты дивиденттердің жоспарланған мөлшері қаржы-экономикалық жай-куйге және жоспарланған кезеңге қажетсінген ақшалай қаражатқа қарай саралау арқылы айқындалады.

4.3. Дивиденттердің мөлшері ағымдағы өнімділікті және берешекке қызмет көрсетуді ескере отырып есепті кезең бойынша ЕҰ қаржы нәтижелерін және ақшалай қаражатты жоспарланған кезеңге мыналарға қатысты қажетсінуді есепке ала отырып айқындалады:

1) жыл сайынғы тұрақты кірістерді тудыратын қалыптасқан өндірістік активтердің өнімділігін арттыруға бағытталған күрделі қаржы жұмысалымын қаржыландыру;

2) белгіленген тәртіппен келісілген жобаны қаржыландыру құрылымына сәйкес жеке қаражатты талап ететін инвестициялық жобалардың белгілі бір бөлігін қаржыландыру;

3) берешек міндеттемелерін өтеу;

4) басқадай занды тұлғалардың белгіленген тәртіппен келісілген жарғылық капиталына салымдарды қаржыландыру;

5) айналым қаражатын толықтыру;

6) Жалғыз қатысуышының немесе ҚТКФ тапсырмаларына сәйкес іс-шараларды қаржыландыру.

4.4. ҚТКФ атына шешімдерді қабылдау үшін берілетін материалдардың құрамында дивиденттерді төлеу үшін қажетті талаптардың болуын немесе болмауын куәландыратын барлық қажетті ақпарат болуға тиіс.

4.5. Саясат негізінде және есепті кезең бойынша ЕҰ жылдық қаржы нәтижелерін есепке ала отырып, сондай-ақ Саясаттың 4.3. тармағында көрсетілген шығыстарды қаржыландыруға ақшалай қаражатты қажетсінуді ескере отырып Жауапты департамент ҚТКФ Бюджеттік комиссиясына ықтимал дивиденттердің мөлшері туралы ұсыныстарды береді.

4.6. Төленетін дивиденттердің мөлшері есепті кезең бойынша ЕҰ таза табысының сомасынан жоғары болуы мүмкін, егер осы Саясаттың 3.4. тармағына қайшы келмейтін болса. Қажеттігіне қарай дивиденттер алдыңғы жылдар бойынша жиналған бөлінбegen табыс немесе меншікті оң капитал есебінен есептелуі мүмкін.

4.7. ҚТКФ Бюджеттік комиссиясы Жауапты департаменттің ұсынымдары негізінде, бірақ Саясаттың жоғарыда көрсетілген тармақтарымен шектелмей ҚТКФ/ЕҰ уәкілдегі органының пысықтауына шығару үшін есепті кезең бойынша ЕҰ дивиденттік төлемдерінің мөлшері жөнінде ұсыныстарды әзірлейді.

4.8. ЕҰ/ҚТКФ тиісінше органды ҚТКФ Бюджеттік комиссиясының ұсыныстарын ескеоре отырып Дивиденттерді төлеу туралы, соның ішінде есепті жылдың қорытындылары бойынша олардың мөлшері туралы түпкілікті шешімді қабылдайды.

5. Дивиденттерді төлеу тәртібі

5.1. ЕҰ ҚТКФ дивиденттерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ ЕҰ әрекет ететін мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлейді.

5.2. ЕҰ ҚТКФ тиісті дивиденттердің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз етеді.

5.3. ҚТКФ банктік шотына дивиденттерді төлеу мерзімі және тәртібі туралы қабылданған шешімге сәйкес тиісінше ақшалай соманы аудару дивиденттерді төлеу болып саналады.

5.4. Дивиденттер түріндегі кірістер алушы үшін салық салынатын кірістерді білдіреді. Дивиденттердің төлем көзінен төленуге тиіс салық мемлекет-көзінен ұстап қалынуға, тиісінше салық есептілігінде ашып көрсетілуге және Қазақстан Республикасы және шет ел арасында екі мәрте салық салудан аулақ болу (екі мәрте салық салуды болдырмау) туралы тиісінше конвенцияның ережелерін ескере отырып бюджетке төленуге тиіс.

6. Дивиденттердің төленуі үшін жауапкершілік

6.1. Дивиденттердің толық және уақтылы төленуі үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және ЕҰ және ҚТКФ ішкі құжаттарымен, сондай-ақ ЕҰ әрекет ететін/тіркелген мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Саясат ҚТКФ Жалғыз қатысушысы оны бекіткен сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.